



**«№31 Ш. Уәлиханов атындағы жалпы білім
беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік
мекемесі**

**Мектептің ішкі тәртіп ережесі
2023-2024 оқу жылы**

*Мектептің ішкі тәртібі Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27
шілдедегі №319 Заңына сәйкес жасалды.*

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«КЕЛЕС
АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ
«№31 Ш.УАЛИХАНОВ
АТЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ ОРТА
БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ
СРЕДНЯЯ ШКОЛА
№31 ИМЕНИ Ш.УАЛИХАНОВА»
ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ОТДЕЛА
ОБРАЗОВАНИЯ КЕЛЕССКОГО
РАЙОНА» УПРАВЛЕНИЯ
ОБРАЗОВАНИЯ ТУРКЕСТАНСКОЙ
ОБЛАСТИ

Жүзімдік ауылы, Б.Қалмаханов көшесі №86
Тел: +7(72532)7-82-10

С.Жузумдик, улица Б.Калмаханов №86
Тел: +7(72532)7-82-10

БҰЙРЫҚ
№ 139

ПРИКАЗ
29.08.2023 г.г.

«Мектептің ішкі тәртібін бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 43-бабы 3-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, 2023 жыл 29 тамыз айында өткізілген педагогикалық кеңес отырысының №1 хаттамасы негізінде, мектепте еңбек тәртібін нығайту, еңбекті тиімді ұйымдастыруға жағдай жасау және жұмыс уақытын тиімді пайдалану, білім беру процесіне қатысушылардың жұмыс сапасын арттыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектепте оқу-тәрбие үрдісін нақты ұйымдастыруға, мектеп әкімшілігі, педагогикалық ұжым және ата-аналар арасындағы өзара қарым-қатынасты реттеуге ыңғайлы еңбек жағдайын қалыптастыруға. Әрбір оқушының табысты білім алуын, жеке тұлғаны және оның құқықтарын құрметтеу тәрбиесін, мәдениеттің мінез-құлықты дамытып, қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру мақсатында мектепте ішкі тәртіп ережесі бекітілсін. (1 қосымша)
2. 2023 жылдың 29 тамыз айынан бастап осы Ережелер қолданысқа енгізілсін.
3. Ішкі тәртіп ережесі мектеп қызметкерлері мен оқушыларының тәртібі және іс-әрекеттерін анықтайтын негізгі нормативтік құжаттардың бірі болып табылсын.
4. Мектептің мұғалімдері мен кіші қызметкерлеріне осы ережелерімен таныстыру іс жүргізуші Г.Жаназарова оқушылармен ата-аналарға таныстыру сынып жетекшілерге міндеттелсін.
5. Осы бұйрықтың орындалу мен бақылау директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары А.Дюсенова мен тәрбие ісі жөніндегі орынбасары К.Усеновке жүктелсін.


Негіз: 29.08.2023 жылғы педагогикалық кеңес отырысының №1 хаттамасы.

Мектеп директоры:




А. Камбарова

Бұйрықпен таныстым:


(Қолы)

Усенов К.

(Т.А.Ә.)


(Қолы)

Иргашева А.

(Т.А.Ә.)

(Т.А.Ә.)



**«№31 ШУәлиханов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесінің ішкі тәртіп ережесі.**

Ішкі тәртіп ережесі Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 43-бабы 3-тармағының 1) тармақшасы негізінде, Қазақстан Республикасының Конституциясын, ҚР баланың құқықтары туралы конвенциясы, ҚР Еңбек Кодексі (15.05.2007ж №251), ҚР Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы (28.02.2004ж №528) заңдары және мектеп Жарғысы басшылыққа алынып жасалды.

Мектептегі жұмыс және оқу пәні ішкі тәртіп ережелерін қатаң сақтауға негізделген.

Осы ереже мектеп оқушылары мен қызметкерлерінің тәртібі және іс-әрекеттерін анықтайтын негізгі нормативтік құжаттардың бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 47-бабы 14-тармағына сәйкес мектеп оқушылары осы ішкі тәртіп ережелерін сақтауға міндетті.

Еңбек тәртібін бұзушыларға тәртіптік жазалар мен қоғамдық шаралар қолданады.

I. Педагогтар мен қызметкерлердің жұмыс уақыты және оны қолданылуы:

Мектеп екі ауысымда жұмыс жасайды:

I ауысымның басталуы 08-00

Кезең

II ауысымның басталуы 14-00

Сейсенбі күндері мұғалімдерге арнап шығармашылық топтардың сабақтары өткізіледі.

Сәрсенбі – жалпы мектептік сап түзеу, сынып жетекшілерінің ата-аналармен жеке жұмыс жасауы.

Бейсенбі – әдістемелік күн: сабақтарға кіру, әдістемелік бірлестік сабақтарының отырысы, семинар-практикумдар; қоғамдастық кеңесінің отырысы.

Жұма – оқушылардың тазалығы, сыртқы келбетін тексеру. Мектепшілік рейдтер; кабинеттердің санитарлық – гигиеналық жағдайын тексеру тазалық күні. Таза жұма.

Мектепте 5 күндік оқу, 5 күндік жұмыс аптасы белгіленген. Жұмыс күні дүйсенбіден жұмаға дейін 8 сағат, аптаның 40 сағатынан бастап.

Педагогтардың сабақтарының жүктемесін мектеп директоры бөліп, белгілейді, кәсіподақ комитетінің келісімімен. Жүктеменің көлемі, ережеге сай, оқу жылының барысында жарты жылдықтар бойынша тұрақты. Штаттық кестеде енгізілген қызметкерлердің жұмыс уақытының ұзақтығы – дүйсенбі жұма 9.00 ден бастап 19.00 дейін түскі үзіліс 13.00-14.30 аралығында. Кітапханада жұмыс кестесі көрсетіледі. Директордың оқу ісі жөніндегі, тәрбие ісі жөніндегі, шаруа ісі жөніндегі орынбасарлары мектепке жарты сағат бұрын келіп жұмысты үйлестіреді. Директордың орынбасарларының жұмыс уақыттары 8 сағаттан асуы мүмкін.

Мектептің техникалық қызметкерлері өзіне белгіленген аумақты кестеге сәйкес сағат 8-00-ден 21-00-ге дейін жинастырады.

Аула сыпырушы үш рет екі сағаттан жұмыс жасайды: сағат 7-00-ден 9-00-ге дейін, 13-00-ден 15-00-ге дейін, 19-00-ден 21-00-ге дейін.

Каникул уақыты жұмыс уақыты болып саналады. Каникул уақытында мұғалімнің жұмысы оқу жүктемесіне байланысты іске асады. Каникул уақытында себепсіз жұмысқа келмей қалу жұмыстан кетумен бірдей.

Мұғалімдер сабақ басталудан 15 минут ерте келеді. Олар кабинет тазалығын тексеріп, дайындық жұмыстарын жүргізеді. Сабақ аяқталғаннан кейін 20 минуттан кейін қайта алады. Мұғалімнің сынып оқушыларының барлығын үйлеріне жібереді, есікті бекітеді.

- Мектепте педагогикалық қызметкерлердің жұмыс уақыты сағат 8.00-де басталады.
- Мектеп әкімшілігі сабақ басталуға жарты сағат қалғанда келу тиіс.
- Оқушылардың кенігуіне немесе үзілістен кейін сыртта жүруіне жол берілмейді.
- Мұғалім қоңырау соғылғаннан кейін сабақты бастауға тиіс.
- Сабақ уақытында мұғалім кабинетте болмаса «жұмыс орнында жоқ» деп саналады.
- Мектептегі асхананың тазалығын, астың сапасын мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілер бақылап, қадағалауы тиіс.
- Сынып жетекшісі асханаға оқушыларды мезгілінде апаруға міндетті.
- Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары мұғалімдердің асханадағы кезекшілік кестесін жасап, оның орындалуын қадағалауға тиіс.
- Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары мұғалімдер мен оқушыларға ауыстырып оқыту /замен/ жөнінінде бір күн бұрын хабарлап айтуы тиіс.
- Мұғалімдер үшін маусымдық демалыс/күзгі, қысқы, көктемгі каникул/ кезі жұмыс уақыты болып есептеледі.
- Педагогикалық кеңес – аптаның бір күннен белгіленіп, бір тоқсанда бір рет өткізіледі.

II. ОҚУ ТӘРТІБІ

Сабақ мектепте сабақ кестесіне сәйкес жүргізіледі.

Мектеп сабақтары мектеп директоры және ата-аналар комитеті бекіткен кестеге сәйкес жүргізіледі.

Сабақ ұзақтығы 45 минут.

Қоңырау ұзақтығы санитарлық нормаға сәйкес мектеп директоры бұйрығымен анықталады.

Ата - аналар мектепке келуге және мұғалімдермен соңғы сабақ аяқталғаннан кейін немесе мұғалімнің сабақтан бос кезінде әңгімелесуге құқылы.

Оқушы сабаққа немесе жалпы мектептік іс - шараларға нақты себептерсіз келмей қалса, ата - аналар түсінік хатын жазуға, ал оқушы денсаулығына байланысты сабақтан қалып қалса медициналық анықтама тапсыруға міндетті.

Нақты себептерге мыналар жатады:

- 1) жеке ауруы;
- 2) дәрігерге баруы (талон немесе анықтама ұсынылады);
- 3) міндетті түрде қатысуды талап ететін отбасындағы шұғыл жағдайлар (ата –аналар өтінішімен расталады);
- 4) Әкімшілікпен келісім бойынша сабақтардан босату (ата - аналар өтініші бойынша)

III. Мектеп мұғалімдерінің құқығы:

- мемлекеттік талаптарға сай оқушыларға білім беруде оқу жоспары, бағдарламасы, оқыту мен тәрбиелеудің түрлері мен тәсілдерін тұрғылықты тандауға;
- тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары сақталған жағдайда педагогтік қызметті ұйымдастырудың тәсілдері мен нысандарын еркін тандауға;
- шығармашылық, қоғамдық және педагогикалық бастамалар жасап, өзін-өзі басқаруға, сайлану мен сайлауға құқық беріледі;
- ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-эксперименттік жұмыспен айналысуға, педагогтік практикаға жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізуге;
- санатын арттыру мақсатында мерзімінен бұрын аттестатталуға;
- өзінің кәсіптік ар-намысы мен қадір-қасиетінің қорғалуына;
- білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдері тарапынан өз ар-намысы мен қадір-қасиетінің құрметтелуіне құқығы бар.
- ата – аналармен олардың балаларының оқуы мен тәртібі жөнінде қажеттілікке орай қарым-қатынас жасауға;
- оқушыларды қосымша сабақтарға шақырып, консультациялар ұсынуға;
- оқу барысында оқушыларға шара қолдану үшін, мектептің кеңесіне өтініш беруге;
- педагогикалық кеңес, конференция, әдістемелік бірлестіктерге қатысуға;
- педагогикалық ұжымға өзіндік ұсыныстарын білдіруге;
- Жұмыстағы жоғары көрсеткіштері, лауазымдық міндеттерін жауапкершілікпен орындағандары, шығармашылығы және талаптары үшін қызметкер марапатталады

IV. Мектеп мұғалімдері мен қызметкерлерінің негізгі міндеттері:

- Мектеп жарғысында жүктелген ішкі тәртіптің ережелерін қатаң сақтауға тиісті.
- өзінің кәсіптік құзыреті саласында тиісті теориялық және практикалық білімді және оқыту дағдыларын меңгеруге;
- жұмыс жасауда олқылықтарға барынша жол бермеуге, орындаушылық тәртіпті арттыруға, үнемі шығармашылық бастамасын бағытталған жоғары нәтижелерге қол жеткізуге, еңбек қызметін танытуға;
- Міндетті түрде іскер киім үлгісін сақтау (Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығы 3-тарау, 12-тармақша;
1) ер мұғалімдер – пиджак, шалбар, классикалық пішілген қара және тоқ көк renkтері бар, ерлер көйлегі (жейде) ақ түсті, классикалық туфли. Аксессуарлар (галстук, көбелек, белбеу) қалауы бойынша;
2) әйел(қыз келіншек)мұғалімдерге – юбка, костюм юбка, классикалық шалбар, қара және тоқ көк renkтері бар; Кофта (блузка) ақ түсті, бір түсті, классикалық туфли.
3) діни киім, діни атрибуттары және (немесе) діни нышандары бар киім-кешек;
4) мектепте жұмыс барысында бас киім (орамал, кепка, такия) кию;
- «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 10 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі бекіткен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты қатаң ұстануға, сыбайлас жемқорлыққа жол бермеуге; Еңбек тәртібін сақтау үшін, уақытында жұмысқа келу, жұмыс мерзімінің ұзақтылығын сақтау, әкімшіліктің тапсырмасын нақты орындау.
- Жұмыс сапасын жақсарту және орындаушылық тәртіпті қатаң сақтау.

- Қатаң түрде педагогикалық әдепті сақтауға.
- Шығармашылық бастама көтеру, еңбекті жоғары дәрежелі жетістікке жетуге бағыттау.
- Қаралған ережелермен нұсқауларға сәйкес техника қауіпсіздігін сақтау, еңбекті қорғау, өндірістік, санитарлық-гигиеналық жұмыстардың орындалуын, өртке қарсы ұйымдастырылатын шаралардың талаптарының орындалуын қатаң сақтауы қажет.
- Құжаттармен материалдық құндылықтардың дұрыс сақталып күтілуіне мән беру.
- Су мен электр энергиясын үнемдеп пайдалануға, оқушыларды мектеп мүлкін аялап қорғауға тәрбиелеуге.
- Нұсқауға сәйкес көрсетілген уақытта медициналық тексеруден өту әрбір қызметкердің міндеті.
- Мектептің педагогтары сабақты жүргізу кезінде және үзілісте балалардың денсаулығы мен өміріне тікелей жауап береді.
- Оқушы жаракат алған жағдайда тез арада әкімшілікке хабарлау қажет.
- Оқушы сабаққа кешіккен жағдайда мұғалім сынып жетекшісіне және кезекшіге директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарына ескерту қажет.
- Сабақ басталғанға дейін кабинеттердің есіктері ашық болуы тиіс.
- Үзіліс кезінде оқушыларды сыртқа шығарып, кабинетті желдету тиіс.
- Online.mekter.org электронды сынып журналын ережеге сай жүргізіп, оқушы білімін уақытында бағалап күнделікке сындарлы кері байланыс жазып отыру;
- Мұғалім оқушы сабаққа кешігіп келсе, сабаққа кіргізбеуге құқысы жоқ, оған тек мектеп әкімшілігінің ғана құқысы бар. Егер оқушы кітап немесе оқу құралдарын үйде ұмытқан жағдайда мұғалім баланы үйге жіберуге, тәртіп бұзғаны үшін сыныптан шығарып жіберуге құқысы жоқ.
- Мемлекеттік стандарт нормасын пәндер бойынша орындауға;
- Сынып жетекшілік міндетін атқаруға;
- Ата-ана мен жұмысты жан-жақты дұрыс жүргізуге;
- Мектепте мектепшілік мұғалімдер кезекшілігін атқаруға;
- Оқу процесі кезінде мектепте оқушылардың өміріне, денсаулығына жауап беруге;
- Өз бетімен білімін жетілдіруге;
- Мектептің ішкі тәртіп ережесін қатаң сақтауға;
- Мектеп, ауыл, аудан, облыс көлемінде атқарылатын қоғамдық жұмыстар мен іс-шараларға қатысуға;
- Мектептен тыс жерде мектепке қатысты мектептің ішкі жағдайы туралы мәліметтерді жарияламауға ҚР «ЕТЗ» -26 бабы, 12 т.
- Мектеп ұжымының моральдық-психологиялық климатын дұрыс сақтауға;
- Қонырау кезінде оқушылардың тәртібіне, денсаулығына жауап беруге;
- ҚР Үкіметінің саяси идеологиялық бағытын халыққа дұрыс насихаттауға;
- Мемлекеттік қызметкерлердің тәртібі мен әдебін этикасын сақтауға;
- ҚР «Еңбек Кодексі» қатаң түрде сақтауға міндетті;
- Мемлекеттік тілде сөйлеуге және іс-құжаттарды жүргізуге;
- Педагог қызметкерлерге жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін оқушыларды алып қалуға төмендегі жағдайда ғана рұқсат етіледі:
 - ✓ Сынып сағаттары мен жиналыс өткізілген уақытта.
 - ✓ Сыныпта және жалпы тазалық жұмыстарын жүргізгенде, кезекшілік уақытысында.
 - ✓ Сынақ және қосымша сабақтар жүргізілген жағдайда.
 - ✓ Басқа жағдайда әкімшіліктің келісімімен жүргізіледі.

Мектепшілік тәртіп бірыңғай болып табылады және педагогикалық қызметкерлер бұл тәртіпті орындауға міндетті.

Мектепшілік тәртіпті бұзғаны үшін мектеп қызметкерлеріне сөгіс жариялайды:

- ескерту;
- сөгіс;
- қатаң сөгіс;
- жұмыстан босату /жеке еңбек келісімшартын бұзу/;

Мұғалімді кәсіподақ комитетінің келісімінсіз келесідей жұмыстан босатуға болады:

- жұмысқа алкогольдық жағдайда келу;
- оқушыларға физикалық қысым көрсету;
- нақты себепсіз жұмысқа келмеу;
- себепсіз сабақ уақытында сабақты тастап кету;

Мектептің барлық қызметкерлері мектепте кез-келген жемқорлықпен байланысты тәртіп бұзушылыққа жол бермеу шараларын қабылдауға міндетті («Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 2 шілдедегі № 267 Заңы Ішкі еңбек тәртібінің Ережелерін орындалуын бақылау мектеп әкімшілігі және кәсіподақ бірлестігіне жүктелген.

V. Мектеп мұғалімдеріне қойылатын талаптар

- Мектепте де, мектептен тыс та моральдық норманы сақтап, тәртіп жағынан үлгі болу.
- Жұмысқа сабаққа 15 минут қалған кезде келу.
- Вахтадан оқу кабинетінің кілтін уақытында алып, сабақ аяқталғаннан кейін қайтарып беру.
- Online.mektep.org электронды сынып журналын сабақ бітісімен толтыру;
- Сабақты қоңыраумен бастап, қоңыраумен аяқтау, оқу уақытын дұрыс пайдалану.
- Бүкіл оқу жылына күнтізбелік-тақырыптық жоспар, онда өткізілетін күні мен сабағы көрсетілуі тиіс, оқу күні кестесі бойынша әрбір сабаққа, сонымен қоса арнайы курсқа және сынып сағаттарына күнделікті сабақ жоспары болуы тиіс.
- Мұғалімдерге және оқушыларға арналған жоспар бойынша барлық шараларға сабақ кестесіне қарамастан қатысу.
- Мектеп директорының бұйрықтарын орындау, бұйрықпен келіспеген жағдайда еңбек дауы бойынша комиссиясына арыз беру.
- Мектеп директорының орынбасарларының бұйрықтарын нақты және мерзімінде орындау.
- Ауырып қалған жағдайда мұғалім әкімшілікті оқу күні басталмай жатып ескерту, емделіп болғаннан кейін оқу күні аяқталмай, жұмысқа шығатын күннен бұрын ескерту, жұмысқа бірінші күні шыға сала, уақытша жұмысқа қабілетсіз екендігі жайында қағаз көрсету.
- Сабақтың әрбір минуты оқушылардың сапалы ойлауы мен белсенді әрекетін іске асыруға арналуы керек.
- Сабақ барысындағы мұғалімнің жеке қызметі білімдік және тәрбиелік мақсатының орындалуына бағытталады.
- мұғалім оқушыларды қоңырауға жібермеуге құқы жоқ;
- Оқушыларды қоңыраумен сабаққа жіберіп, қоңыраумен шығаруы тиіс,
- Мұғалім оқушылардың сабаққа дайындалып келуін талап етуі тиіс.

- Мұғалім сабырлы болуы қажет. Сыныпта тәртіп орнатуы үшін мұғалім түрліше әдістемелерді меңгеруі қажет.
- Оқушыларға айқайлауға, оларды бағыттауға жол берілмейді.
- Оқушының тәртібін жақсарту үшін қажет жағдайда психолог маманның көмегіне жүгінуге болады.
- Дәптердің дұрыс, талапқа сай толтырылуы мен жүргізілуін пән мұғалімдері қадағалауы және үнемі тексеріп отыруы тиіс. - Оқушы мен мұғалім арасындағы сыйластық сақталуы тиіс. - Тәрбие мен білім берудің басты жетістігі – сапалы кәсіби біліктілік, соған ұмтылып, бірлесіп жұмыс істеу.

VI. Педагогтар мен басқада мектеп қызметкерлеріне тыйым салынады:

- Өз мүмкіндігіне қарай сабақ кестесін өзгертуге;
- Сабақ мерзімін ұзартуға, қысқартуға және ауыстыруға;
- Оқушыларды кабинетте қараусыз қалдыруға, шығарып жіберуге;
- Сабақ уақытысында басқа педагог қызметкерлердің жұмысына кедергі келтіруге;
- Сабақ кезінде әлдебір себептермен кабинеттен шығып кетуге.
- Мектеп мекемесінде темекі тартуға;
- Сабақтан оқушыларды себепсіз шығаруға;
- Ұялы телефондарды сабақ үстінде оқуға процесінен тыс пайдалануға тыйым салынады;
- Ата-аналар және оқушылардан ақпалай қаржы жинауға тыйым салынады ;

VII. Мұғалімдердің сабақтан тыс уақытта міндетті түрде қатысатын жиналыстарына мыналар жатады:

- Педагогикалық кеңес.
- Директор жанындағы отырыс.
- Әдістемелік кеңес
- Әдістемелік бірлестіктің кеңесі .
- 2 аптада бір рет жүргізілетін жоспарлы жиналыс.

VIII. Кезекші мұғалім міндеттері

- Мектепшілік кезекшілік кезекші әкімшілікпен (кесте бойынша), кезекші мұғалімдер мен кезекші сыныптар, этаж бойынша кезекші мұғалімдермен (кесте бойынша) атқарылады.

- Егер кезекшілік мұғалімнің әдістемелік күніне түсіп тұрса кезекшілікке жіберілмейді.
- Кезекші әкімшілік және мұғалім сабақ басталғанға дейін 30 минут бұрын мектепте болуы керек.

Кезекші мұғалім жауапты:

- сыныптың мектеп бойынша кезекшілігіне;
- қоңыраудың уақытылы соғылуына;
- мектеп ішіндегі тәртіптің орындалуына;
- қабаттардағы кезекшіліктерге.
- Кезекшілік барысында оқушылардың өмір қауіпсіздігі мен кез келген келеңсіз жағдайларға жауапты.

- Оқушылардың ұмытып кеткен заттарын кезекші әкімшілікке тапсырады.
- Кезекші оқушылардың бағалы заттарының жоғалуына жауап бермейді (ұялы, телефон, құнды заттар, ақша).
- Кезекші мұғалім кезекшілік ететін қабаттың тәртібі мен тазалығына жауап береді.
- Мектеп мүлкінің сақталуын бақылайды.
- Кезекшілік соңында мұғалім атқарылған жұмысы жайлы дәптерге жазып, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарына мәлімдейді.
- Тасымалға жауапты кезекшілер мектепке 30 минут бұрын келіп, оқушыларды көлікке мінгізіп түгелдеп, қалып кетпеуін қадағалау қажет.
- Тасымалға кезекші мұғалім оқушылармен бірге көлікке мініп, көлік ішінде қауіпсіздік ережелерін сақтап, оқушылардың өмір қауіпсіздігіне жауап береді.
- Бірінші ауысым екінші ауысымға кезекшілікті тапсырады.
- кезекші мұғалім өзінің міндетін жұмыс уақыты бойынша шынайы көңілмен орындауға міндетті.

IX. Сынып жетекшісінің құқығы:

- сынып алу туралы пікір айту және оны қорғау;
- тәрбие жұмысы жоспарын өз қалауымен жасап, оны іске асыру жолын таңдау;
- тәрбие жұмысын өткізуде әкімшіліктен сапаттық көмек алу;
- өз сыныбының сабақтарына мұғалімдердің алдын-ала келісімімен қатысу;
- келіспеушілікті шешу үшін керек болған жағдайда оқушылар ата-аналарын шақыру;
- бала құқығын қорғау туралы әкімшілікте, мемлекеттік мекеме кеңесінде және басқа деңгейлерде пікір айту;
- жанұямен келісіп оқушылар үйлеріне бару;
- сынып оқушыларымен арада шешілмейтін дау немесе жеке оқушылармен қарым-қатынас қиындағанда, жетекшіліктен босатуды сұрау;

X. Сынып жетекшілерінің міндеттері:

- оқушыға жағдай жасап, мектептің дәстүрі мен беделін көтеруге жұмыстану;
- әр баланың жеке сапаларын дамытып, білім алуда белсенділік көрсеткендерді мадақтау;
- әр оқушының құнды сапаларын сезініп, сыйлап, өзіне, басқа адамға деген сыйластығын тәрбиелеу;
- балалардың денсаулығы мен қауіпсіздігіне қамқорлық жасап, шылым шегу, спирт ішімдіктерін ішумен, нашакорлықпен күресу;
- мектептің абыройын сақтауға қамқорлық жасауға тәрбиелеу;
- үлгілі оқуы мен тәртібі, еңбек сүйгіштігі мен қоғамдық жұмыстардағы белсенділігі үшін мадақтауға өтініш жасау;
- анайылық, тәртіп бұзу, тұрпайылыққа жол бермеу;
- оқуы мен демалысын кұруда әр оқушының жеке мінезі және қабілетіне орай көмек ету;
- электронды және қағаз нұсқадағы сынып журналын толтырып, күнделікке сындарлы кері байланыс жазып, сабаққа кешігу, сабақ жіберу белгілерін қойып отыру;
- сабақты себепсіз жібермеу;

- ата-аналармен байланыста болу;
- оқушының сабаққа қатысуға себептерін анықтау;
- ауру балаларға көмек көрсету;
- құқықты қорғау туралы уақытында білім беріп отыру;
- Мектептің жарғысын жүйелі бұзушыларды мектептен шығару туралы мәселе көтеру;
 - Сынып жетекші оқушыларды қарсы алу керек, оқу үрдісіне дайындықты өткізу (сабақ кестесінде өзгертулерді нақтылау, болмаған оқушыларды және олар не үшін болмағаны жайында анықтау).
 - Сынып жетекші тәрбие жұмысы жоспары мен кестеге сәйкес тәрбие іс-шарасын және сынып сағаттарын өткізу.
 - Тәрбие жұмысы жоспары бүкіл оқу жылына бір рет құрастырылады.
 - Сынып жетекші тәрбие жұмыс жоспарына сәйкес сыныптан тыс тәрбиелік жұмысты атқарады, сонымен қатар оқу жылында төрт рет сынып сағаттарын өткізеді.
 - Сынып жетекші аптасына бір рет күнделік тексеруге міндетті.

XI. Ата-аналар құқығы

- коммуналдық мемлекеттік мекеме кеңесіне сайлануға және сайлауға, коммуналдық мемлекеттік мекеме шараларын коммуналдық мемлекеттік мекеме кеңесімен, әкімшілік мүшелерімен шешуге қатысу;
- балалары оқын жатқан бағдарламаны білу және оны жетілдіру, өзгерту туралы пікір енгізу;
- Мектептен кез-келген мәселе туралы мәлімет алу;
- мұғаліммен келіспеушілік болған жағдайда, оны шешу үшін мектеп әкімшілігінен, ата-аналар комитетінен, камқоршылық кеңесінен, әкелер мектебінен көмек сұрау;
- мұғалімдер, балалар, басқа ата-аналар тарапынан өзара сыпайылық пен сыйластық қатынастарын жақсарту;
- мораль және құқық нормаларына орай бала құқын сақтауға жұмыстану;
- мектеп әкімшілігінің рұқсатымен және мұғалім келісімі бойынша сабаққа қатысу;

XII. Ата-аналар міндеті:

Балаларға өмірі мен оқуы үшін салауатты және қауіпсіз жағдайлар жасауға, олардың ой-өрісі мен дене күшін дамытуға, азаматтық тұрғыда қалыптасуын қамтамасыз етуге, білім мен тәрбие сапасын жақсартуға үлес қосуға, баланың сабақтан тыс мезгілдегі тәртібін жеке жауапкершілікке алуға;

1. Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу ата-ананың етене құқығы әрі міндеті екенін мойындауға; (*Қазақстан Республикасы Конституциясының 27-бабының 2-тармақшасы*);
2. «Баланы тәрбиелеуге, оны күтіп бағуды жүзеге асыруға, материалдық жағынан қолдауға, оның әл-ауқатына қамқорлық жасауға, тұрғын үймен қамтамасыз етуге» (*Қазақстан Республикасы «Баланың құқықтары туралы» Заңының 24-бабының 2-тармақшасы*);
3. Балаға алкогольді ішімдіктерді, темекіні және темекі бұйымдарын сатуға және пайдалануға тыйым салуға; (*Қазақстан Республикасы «Балалар құқықтары туралы» Заңының 37-бабының 2-тармақшасы*);

4. Білім беру ұйымының жарғысында айқындалған кағидаларды орындауға міндетті (*Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 49-бабының 2-тармағы, 3-тармақшасы*);
 5. Балалардың оқу орнындағы сабаққа баруын қамтамасыз етуге міндетті (*Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 49-бабының 2-тармағы, 4-тармақшасы*);
 6. Балаларының білім беру ұйымдарында белгіленген киім үлгісін сақтауға міндетті (*Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 49-бабының 2-тармағы, 7-тармақшасы*);
 7. Мектептен тыс уақытта баланың бос уақытын дұрыс ұйымдастыруға, күнделікті сабақтан кешіктірмей, толық қатыстыруға, сондай-ақ кешкі уақытта қараусыз қалдырмауға;
 8. Күзгі, қысқы, көктемгі, жазғы демалыс күндерінде, мектептен тыс уақыттағы жол және өмір қауіпсіздігінің жауапкершілігін, тәртібін күнделікті қадағалауды өз қарауына алуға, балаға толық жауапкершілікті өз мойнына алуға;
 9. Баланың мектептен тыс мезгілде бейәдеп, теріс қылықтарына, өмірінің қауіпсіздігіне жеке жауапты екенін сезінуге;
 10. Осы аталған мәселелер орындалмаған жағдайда ата-аналық жауапкершілігіне және ата-аналық міндетіне лайық еместігін сезінуге;
 11. Баланың кешкі сағат 22:00-ден кейін ойын-сауық орталықтарына, сағат 23:00-ден кейін үй ауласынан тыс жерге қараусыз жібермеуге;
 12. Баланың көлік жүргізуіне тыйым салуға;
 13. Баланың өз бетімен балық аулауына, су жағасына, орман алаңына баруына тыйым салуға, өмір қауіпсіздігін сақтауға;
 14. Отбасындағы ұл-қыздың тәрбиесіне, (әсіресе қыз бала тәрбиесіне) қатты көңіл бөлуге;
 15. Балаларының мектепте нашакорлық тұрғыдағы заттарды (темекі, насыбай, есірткі заттар) әкелуіне, пайдалануына, өзге азаматтарға, оның ішінде, тәрбие алушыларға насихаттауына жол бермеуге;
 16. Балаларының мектепке өткір, үшкір, суық қаруларды (пышақ, канжар, костет т.б.), ату құралдарын (мылтық, пистолет, газбаллондар, электрошокер т.б.) әкелуіне және пайдалануына жол бермеуге;
 17. Балаларының мектеп ішінде ұлтаралық, рулық, жершілдік мәселелерді қозғауына, өзгелерді кемсітуіне жол бермеуге;
 18. Балаларының мектепке аса құнды әшекей заттар мен бұйымдарды (сақина, сырға, білезік, моншақ т.б.) әкелуіне және пайдалануына жол бермеуге;
 19. ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы №26 бұйрығының 2-тармағының 13-тармақшасында «Мектеп формасына түрлі конфессияларға қатысты киім элементтерін қосуға болмайды.
- Орта білім беру ұйымында кез-келген діни конфессияға қатынасын білдіретін діни киімдерді (хиджаб, никаб, бурка, паранжа, сикх тюрбандары және иудей кипа-бас киімдері және т.б.) және кез-келген діни атрибутикаларды (белгілерді) киюге тыйым салынған», осы бұйрықты ата-аналар орындауға міндетті;
- ұл балалардың мектеп формасы қара көк түсті пиджак, жилет, шалбар, ақ көйлек киіп баруын қадағалауға;

- мектеп ішінде бастарына әртүрлі үлгідегі бас киімдер кепка, такия, бөрік т.с.с. бас киімдер киіп сабаққа бармауын қадағалауға;
 - қыз балалардың мектеп формасы кара көк түсті пиджак, жилет, юбка, ақ көйлек, ақ бантикпен сабаққа баруын қадағалауға;
 - мектеп ішінде бастарына әртүрлі үлгідегі бас киімдер орамал, кимешек, т.с.с. бас киімдер киіп сабаққа бармауын қадағалауға;
 - қыз балалар сабаққа бас киімсіз шаштарына ақ бантик тағып баруға;
 - қыздарға арналған юбкалар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тізені жауып тұратын болуын қадағалауға;
 - ұлдар мен қыздарға арналған спорттық форма спорттық костюммен, спорттық шалбармен, футболкамен, спорттық аяқ киіммен (кроссовка, кеда) дене шынықтыру сабағына баруын қадағалауға.
 - мұғалімдер немесе әкімшілік сұрауымен және ыңғайлы уақытта мектепке келу, ата-аналар жиынына қатысу;
 - сынып жетекшілеріне коммуналдық мемлекеттік мекемеден тыс шаралар өткізуге көмектесу;
 - балалардың денсаулығына қамқорлық жасап, жұкпалы аурумен ауыра калса хабарлау, ауырған баланы сабаққа жібермеу, аурулық себеппен сабақ жіберген жағдайда дәрігерден анықтама әкелу;
 - кәмелеттік жасқа жеткенше моральдық, материалдық және құқықтық жауап беру.
- Мектепте діни ұйымдар құруға және жұмыстар жүргізуге болмайды.

XIII. Мектеп оқушыларының құқықтары.

- өз отбасының және жеке басының адамгершілік қадір-қасиеттерін сыйлауға;
- тегін жалпы білім алуға (жалпы бастауыш, мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес толық орта білім);
- денсаулық сақтау технологиялары бойынша білім алу шарттарына;
- өзіндік білім алуға жағымды жағдай жасауға;
- қосымша білім беру (соның ішінде ақылы) қызметін алуға;
- мектеп қызметін жаксартуда және оның жұмыс жасауындағы кемшіліктерді шешуге ұсыныстар (соның ішінде заңнамалық бастамалар) мен сыни ескертулер жасауға;
- қызметтік тұлғалар мен оқушылар тарапынан оқушылардың құқықтарын бұзу жағдайында шағым жасап, мектеп әкімшілігіне жолығуға;
- сабақтарға кедергі жасамай өткізілетін іс-шараларға еркін қатысуға;
- оқу жылының көлемінде, кез келген оқу кезеңінде басқа оқу мекемесіне ауысуға;
- тегін медициналық қызметке, кітапхана қорын, оқу мақсатында интернетті қолдануға;
- аптасына 2 күн берілетін демалысқа, мұғалімдермен белгіленген қонырау көлемін сақтауға, жыл сайынғы күзгі, қысқы, көктемгі, жазғы демалыстарға шығуға;
- өткізілетін бөлімдік, тоқсандық жиынтық бағалау мерзімі мен көлемінен алдын ала хабардар болуға, күніне 3 бжб, тжб жұмыстарынан артық орындамауға;
- мұғалімдерден қойылған баға туралы түсінік, кері байланыс алуға;
- өзінің үлгеріміне және тәртібіне қатысты шешілетін сұрақтарға қатысуға;
- өзіне қатысты ақпаратты сенімді ақпаратты құпияда сақтауға;
- өзіне қатысты физикалық және психикалық зорлық әдістерінен қорғалуға;

- білім беру туралы құжатын және оқудан өту барысын алуға;
- мектеп пен оның аумағында тәртіп пен тазалықты сақтауға.

XIV. Мектеп оқушыларының міндеттері.

1. Әр оқушы өз бойына Қазақстан Республикасының жас азаматының жоғары адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға; ҚР Әнұраны мен рәміздерін білу және оларға құрметпен қарау;
2. Сабаққа кешікпеуге, сабақтан себепсіз қалмауға;
3. Мектеп формасын сақтауға, сабаққа қажетті оқу-құралдарды толық әкелуге;
4. Өз ауысымының басталуына 15 минут қалғанда мектепте болуға;
5. Өрт қауіпсіздігі, жол ережелері және өмір қауіпсіздігін сақтауға;
6. Табиғатқа нұқсан келтірмей, қамқор болуға;
7. Мектептің күнделікті ішкі тәртіп ережесін бұзбауға;
8. Мектеп мүлкін бұзбауға;
9. Сыныптастарына, жасы кішілерге күш қолданбауға, әлімжеттілік жасауға, адамның ар-намысын қорламауға;
10. Кешкі сағат 22:00-ден кейін ойын-сауық орталықтарына, сағат 23:00-ден кейін үй ауласынан тыс жерге қараусыз бармауға;
11. Өзінің Қазақстан Республикасында тыйым салынған діндер мен діни ағымдар өкілдерімен кездесуіне, сұхбат құруына, үгіт-насихат кітаптарымен парақшаларын алуына, оқуына және таратуына қатаң тыйым салуға;
12. Сабақ уақытында ұялы телефон, смартфон, планшет пайдаланбауға;
13. Мектепке нашакорлық тұрғыдағы заттарды (темекі, насыбай, есірткі заттар) әкелмеуге пайдаланбауға;
14. Мектепке өткір, үшкір, суық қаруларды (пышақ, қанжар, костет т.б.), ату құралдарын (мылтық, пистолет, газбаллондар, электрошокер т.б.) әкелмеуге және пайдаланбауға;
15. Мектептің ішінде ұлтаралық, рулық, жершілдік мәселелерді қозғамауға, өзгені кемсітпеуге;
16. Мектепке аса құнды әшекей заттар мен бұйымдарды (сакина, сырға, білезік, моншақ т.б.) әкелмеуге және пайдаланбауға;
17. Мектепке діни тұрғыдағы заттар мен бұйымдарды (крест, тәспі, айшық, діни әдебиеттер, аудио және бейне таспалар т.б.) және киімдерді (хиджаб, некап, паранжа, ряса, митра, ермолка т.б.) әкелмеуге, пайдаланбауға, басқа адамдарға, соның ішінде тәрбие алушыларға насихаттамауға;
18. ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы №26 бұйрығының 2-тармағының 13-тармақшасында «Мектеп формасына түрлі конфессияларға қатысты киім элементтерін қосуға болмайды. Орта білім беру ұйымында кез-келген діни конфессияға қатынасын білдіретін діни киімдерді (хиджаб, никаб, бурка, паранжа, сикх тюрбандары және иудей кипа-бас киімдері және т.б.) және кез-келген діни атрибутикаларды (белгілерді) киюге тыйым салынған», осы бұйрықты оқушылар орындауға міндетті;
21. Мектеп оқушылары мектеп қабырғасында шаш үлгілері мектеп оқушыларына сай үлгіде болуы тиіс;

XV. Оқушылардың сыртқы келбеті және мектеп формасы туралы Ереже

I. Жалпы ережелер

1.1. 2016 жылғы 14 қаңтардан мектеп формасын енгізу ҚР білім және ғылым Министрінің № 26 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады. 2016 жылғы 16 ақпандан Қазақстан Республикасы әділет министрлігінде № 13085 «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы», мектеп Жарғысы, оқушыларға арналған Талаптар тіркелген.

1.2. Осы Ереже жергілікті мектеп актісі болып табылады және оқушылар, олардың ата-аналары, мектеп қызметкерлері міндетті түрде орындау керек. (оларды алмастырушы адамдар).

1.3. Осы Ереже бойынша мектеп формасын анықтау белгіленеді және I-II сынып оқушылары оны киіп жүру тәртібі белгіленеді.

1.4. Мектеп формасы томендегідей мақсатта енгізіледі:

- мектепте оқу-іскерлік атмосфераны қолдау;
- тәртіпті бекіту және нығайту;
- мектептің социумдағы беделін нығайту;
- оқушы тұлғаның адамгершілік қасиеттерін, оның мәдениетін дамыту;
- заманауи, қоғамға қажет түлек моделін қалыптастыру.

1.5. Оқушылардың киім нысанын сақталуын жүзеге асыруын бақылау барлық мектеп қызметкерлері, әкімшілік, педагогикалық және оқу – көмек персоналы міндетті.

1.6. Мектеп формасын енгізу сұрақтар аз қамтылған отбасының материалдық шығындардың ескере отырып, қарастырылады. Мектеп формасын ата-аналар өздері дербес сатып алады.

II. Оқушылардың келбетіне және формаға қатысты талаптар:

2.1. Киім стилі - іскерлік, классикалық, қазіргі заманғы қатан.

2.2. Мектеп формасы салтанатты, күнделікті және спорттық болып бөлінеді.

2.2.1. Оқушылардың күнделікті мектеп киімі келесідей қамтылады:

1) ұлдар мен ерссектерге – пиджак, шалбар, классикалық пішілген қара және тоқ көк реңктері бар, ерлер қойлегі (жейде) ақ түсті, классикалық туфли. Аксессуарлар (галстук, көбелек, белбеу) қалауы бойынша;

2) қыздар мен бойжеткендер – юбка, классикалық шалбар, қара және тоқ көк реңктері бар; кофта (блузка) ашық, ақ түсті, классикалық туфли, биік өкше (7 см жоғары емес). Ұсынылатын белдемше ұзындығы кемінде 50 см.

2.2.2. Салтанатты мектеп киімін оқушылар мерекелер мен салтанатты жиындарда пайдаланылады.

Ер балалар мен жасөспірімдердің салтанатты мектеп киімі күнделікті мектеп киімінен тұрады, ақ жейдемен толықтырылған.

Қыз балалармен бойжеткендердің салтанатты мектеп киімі күнделікті мектеп киім тұрады, ақ жабық блузкамен толықтырылған.

2.2.3. Спорттық форма.

Оқушылардың мектеп спорттық киімі жейде, спорттық шорты немесе спорттық шалбар, спорттық киім, кеды немесе кроссовка қамтиды.

Спорттық мектеп киімі ауа-райы мен дене шынықтыру сабағының өткізу орнына сәйкес келуі тиіс. Спорт киімдері дене шынықтыру сабақ болған күндері өзімен бірге әкелінеді.

2.3. Сыртқы түрі жалпы қабылданған қоғамдағы нормаларға сәйкес болуы тиіс.

III. Құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі

3.1. Оқушылар мен ата-аналардың келесідей құқығы бар:

мектеп формасын негізгі талаптарға сәйкес таңдау.

3.2. Оқушылар міндетті:

- күнделікті мектеп формасын күн сайын киіп келу. Спорт киімдері дене шынықтыру сабақ болған күндері өзімен бірге әкелінеді. Мерекелер мен салтанатты жиындарда оқушылар салтанатты мектеп киімін киіп келеді;

- киім міндетті түрде таза, бағын, үтіктеулі болуы тиіс;

- басқа оқушылардың киіміне ұқыпты болу.

3.3. Оқушыларға білім беру мекемесіне алып жүруге тыйым салынады:

- 1) жарқын түсті және реңкті киім киюге; шалбар, белдемшелері төмендетілген белімен және белдемшенің разрезі өте жоғары болмау керек; киім сәндік бөлшектермен болмауы тиіс: жамалған киімдер түрі, мата екпіні, біркелкі боялмаған мата түрлері; ашық түсті жазулары, суреттері бар киімдер; тос жағы аса ашық көйлектер мен блузкалар; бетті жабатын киім сәндік бөлшектері; әлеуметке қарсы бейресми жастар бірлестіктерінің символикасы бар аксессуарлар, сонымен қатар психикаға белсенді әсер ететін заттар және құқыққа қарсы мінез-құлық насихаттайтын атрибутикалар.

- 2) діни киім, діни атрибуттары және (немесе) діни нышандары бар киім-кешек;

- 3) білім беру мекемелерде бас киім кию;

- 4) жағажай аяқ киімі, массивті жуан платформасында аяқкиім, кешкі туфли және биік өкшелі (7 см жоғары);

- 5) көлемді әшекейлер.

- 6) Аксессуарлар, көлемді әшекейлер (моншак, түйреуіш, сырға, сакина, көлемді белдіктер) мектепке киюге тыйым салынады.

3.4 Салқын мезгілінде жылы шалбар, джинсы, қалың жемпір киюге рұқсат етіледі.

IV. Жауапкершілік

4.1. Егер оқушы мектепке мектеп формасыз келген уақытта кезекші әкімші талабы бойынша (мұғалім, сынып жетекшісі), оқушы түсініктеме жазуы тиіс.

4.2. Егер оқушы оқу орнына мектеп формасыз келген уақытта, ол сабақтарға жіберіледі, бірақ бұл ретте кезекші әкімшіге (мұғалімге, сынып жетекшісіне) күнделігін ұсынады, онда уәкілетті тұлға ата-анасына, баласын мектепке мектеп формасымен келуін қамтамасыз ету үшін қатысты тиісті шаралар жасасын деген ескерту жасайды.

V. Ата-аналардың құқықтары

Ата-аналар құқылы:

5.1. Сынып және мектеп жиналыстарында ата-аналар мектеп формасына қатысты сұрақтарды жалпы мектептік ата-аналар комитетінің, мектептің қамқоршылық Кеңесінің қарауына мектеп формасына қатысты ұсыныстарды, талқылауына шығаруға құқылы.

5.2. Сынып ата-аналар комитеті, Қамқоршылық Кеңесі, мектеп Кеңесі құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша мектеп формасын киюден бас тартатын оқушылардың ата-ата-аналарын шақырып түсіндірме жұмыстарын жүргізуге және мұндай ата-аналарға өз құзыреті шеңберінде шара қолдануға.

VI. Ата-аналар міндеттері

Ата-аналар міндетті:

- 6.1. Өз балаларың мектеп формасымен қоамтамасыз ету.
- 6.2. Мектепке барар алдында оқушының сырты түрін Ережеге сәйкес екендігін бакылау.
- 6.3. Күн сайын баласының мектеп формасы жағдайын кадағалау.

VII. Сынып жетекшісінің міндеттері

Сынып жетекшісі міндетті:

- 7.1. Сабак алдында өз оқушыларының мектеп формасын киіп келуін кадағалау.
- 7.2. Оқушының мектеп формасысыз келген жағдайда, ата-аналарды хабарлар ету, Кеңес жиналысына шақыру.

«№31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі»

коммуналдық мемлекеттік мекемесі

2023-2024 оқу жылы

«ІШКІ ТӘРТІП ЕРЕЖЕЛЕРІМЕН ТАНЫСТЫМ»

№	Мұғалімнің аты-жөні	Лауазымы	Қолы	Күні
1	Қамбаров А. Р	Директор	А.Р.	31.08.2023ж
2	Естанова Р.Р	тәрбие орынбасары	Р.Р.	01.09.2023ж
3	Әсетов А	оқу-әдістемелік кабинет	А.	01.09.2023ж
4	Саматбаева Мамата	оқу-әдістемелік кабинет	М.А.	01.09.2023ж
5	Уәлиханов Ж.С.	дир. тәрбие орынд.	Ж.С.	01.09.2023ж
6	Маматбаева Оразжол	тәрбие орынд.	О.А.	01.09.2023ж
7	Мухомедов Фатимат	мұғалім	Ф.А.	01.09.2023ж
8	Қыдырбек Аманжол	Басқарушы	А.А.	01.09.2023ж
9	Қамбаров Аманжол	педагог-психолог	А.А.	01.09.2023ж
10	Қамбаров Аманжол	педагог-психолог	А.А.	01.09.2023ж
11	Сариева Р.	оқу-әдістемелік кабинет	Р.А.	01.09.2023ж
12	Ахметбаева М.	педагог-психолог	М.А.	01.09.2023ж
13	Қыдырбаева Т.	педагог-психолог	Т.А.	01.09.2023ж
14	Қыдырбаева Т.	педагог-психолог	Т.А.	01.09.2023ж
15	Маматбаева Т.	педагог-психолог	Т.А.	01.09.2023ж
16	Маматбаева Т.	педагог-психолог	Т.А.	01.09.2023ж
17	Маматбаева Т.	педагог-психолог	Т.А.	01.09.2023ж
18	Сапарова Н.	оқу-әдістемелік кабинет	Н.А.	01.09.2023ж
19	Маматбаева А.	оқу-әдістемелік кабинет	А.А.	01.09.2023ж
20	Мухомедов Фатимат	мұғалім	Ф.А.	01.09.2023ж
21	Сапарова Н.	оқу-әдістемелік кабинет	Н.А.	01.09.2023ж
22	Еділбекова Әлімжан	оқу-әдістемелік кабинет	Ә.А.	01.09.2023ж
23	Маматбаева Аманжол	педагог-психолог	А.А.	01.09.2023ж
24	Маматбаева Аманжол	педагог-психолог	А.А.	01.09.2023ж
25	Ахметов Бақыт	бастауыш мұғ.	Б.А.	01.09.2023ж
26	Ахметов Бақыт	бастауыш мұғ.	Б.А.	01.09.2023ж
27	Ахметов Бақыт	бастауыш мұғ.	Б.А.	01.09.2023ж
28	Ахметов Бақыт	бастауыш мұғ.	Б.А.	01.09.2023ж
29	Ахметов Бақыт	бастауыш мұғ.	Б.А.	01.09.2023ж
30	Ахметов Бақыт	бастауыш мұғ.	Б.А.	01.09.2023ж
31	Ахметов Бақыт	бастауыш мұғ.	Б.А.	01.09.2023ж
32	Ахметов Бақыт	бастауыш мұғ.	Б.А.	01.09.2023ж
33	Ахметов Бақыт	бастауыш мұғ.	Б.А.	01.09.2023ж
34	Ахметов Бақыт	бастауыш мұғ.	Б.А.	01.09.2023ж
35	Ахметов Бақыт	бастауыш мұғ.	Б.А.	01.09.2023ж
36	Ахметов Бақыт	бастауыш мұғ.	Б.А.	01.09.2023ж
37	Ахметов Бақыт	бастауыш мұғ.	Б.А.	01.09.2023ж

38	Р. Азмигуланиева	математика	Р. А.	04.09.2023 ж.
39	З. Мухамханов	қазақ тілі әдебиеті	М. А.	04.09.2023 ж.
40	М. Аблаева	ағылшын тілі	М. А.	05.09.2023 ж.
41	Ж. Момынова	ағылшын тілі	М. А.	05.09.2023 ж.
42	Т. Құрбанбаева	орыс тілі	М. А.	05.09.2023 ж.
43	М. Есенбаева	орыс тілі	М. А.	05.09.2023 ж.
44	М. Жаунаева	қазақ тілі әдебиеті	М. А.	05.09.2023 ж.
45	Мұстафағаров А.	қазақ тілі әдебиеті	М. А.	05.09.2023 ж.
46	Түркібаев А.	Дегенмен	М. А.	05.09.2023 ж.
47	Тарманова Т.	бастауыш	М. А.	05.09.2023 ж.
48	Түркібаева А.	орыс тілі мен әдебиеті	М. А.	05.09.2023 ж.
49	Қашаева К.	ағылшын тілі	М. А.	05.09.2023 ж.
50	Міржанова С.	бастауыш	М. А.	05.09.2023 ж.
51	Асан М.	ағылшын тілі	М. А.	05.09.2023 ж.
52	Бейсенов Т.	дене шынықтыру	М. А.	05.09.2023 ж.
53	Тарманова М.	орыс тілі мен әдебиеті	М. А.	05.09.2023 ж.
54	Есенбаева А.	бастауыш	М. А.	05.09.2023 ж.
55	Аманжолова А.	ағылшын тілі	М. А.	05.09.2023 ж.
56	Сунқаров Т.	орыс тілі	М. А.	05.09.2023 ж.
57	Түркібаева А.	биология	М. А.	05.09.2023 ж.
58	Кешікбаев Е.	орыс тілі мен әдебиеті	М. А.	05.09.2023 ж.
59	Ақиева С. И.	бастауыш	М. А.	05.09.2023 ж.
60	Бектеминова А.	қазақ тілі мен әдебиеті	М. А.	06.09.2023 ж.
61	Ордақов Б.	математика	М. А.	06.09.2023 ж.
62	Төлебаев А.	орыс тілі мен әдебиеті	М. А.	06.09.2023 ж.
63	Қалжығайтова А.	математика	М. А.	06.09.2023 ж.
64	Нарынбаева А.	орыс тілі мен әдебиеті	М. А.	06.09.2023 ж.
65	Қариев А.	АЭД	М. А.	06.09.2023 ж.
66	Мұсабаева А.	математика	М. А.	06.09.2023 ж.
67	Қосымбаев Б.	дене шынықтыру	М. А.	06.09.2023 ж.
68	Қыдыр Е.	биология	М. А.	06.09.2023 ж.
69	Дүйсенова Т.	бастауыш	М. А.	06.09.2023 ж.
70	Қашаева А.	бастауыш	М. А.	06.09.2023 ж.
71	Арабаева Т.	қазақ т.	М. А.	06.09.2023 ж.
72	Арапова А.	графика пәні	М. А.	06.09.2023 ж.
73	Жумабаева А.	бастауыш	М. А.	06.09.2023 ж.
74	Қасымбаева А.	ағылшын тілі	М. А.	06.09.2023 ж.
75	Қашаева А. А.	қазақ т.	М. А.	07.09.2023 ж.
76	Жумабаева А.	орыс тілі мен әдебиеті	М. А.	07.09.2023 ж.
77	Қашаева А.	кинопаина	М. А.	07.09.2023 ж.
78	Жумабаева Р.	информатика	М. А.	07.09.2023 ж.
79	Түркібаев Нұржан	технология сабағы	М. А.	07.09.2023 ж.
80	Арабаев Жумабай	География	М. А.	07.09.2023 ж.
81	Бижанов Асанбек	Дене шынықтыру	М. А.	07.09.2023 ж.
82	Түркібаев Назир	бастауыш	М. А.	07.09.2023 ж.
83	Қашаева Жумабай	бастауыш	М. А.	07.09.2023 ж.

84	Ормидекова И	бастауысы	Асапид -	04.09.2023ж
85	Нурдубаева Д	орыс т. мен. жер	Асапид	04.09.2023ж
86	Түзенова Л.	физика	Асапид	07.09.2023ж.
87	Кыдырова Т.	каз. тілі мен ж.	Асапид	04.09.2023ж
88	Жамаева М.	орыс тілі мен ж.	Асапид	04.09.2023ж
89	Худайбергенов	Дене - шынықтыру	Асапид	02.09.2023ж
90	Абдиева М.	ағылшын тілі	Асапид	7.09.2023
91	Худайбергенов Б	Дене - шынықтыру	Асапид	7.09.2023
92	Сеноева Т.	бастауысы	Асапид	7.09.2023ж
93	Нурханов Б	информатика	Асапид	7.09.2023
94	Жаныбеков П	бастауысы	Асапид	4.09.2023
95	Сейітова М	орыс тілі мен ж.	Асапид	7.09.2023
96	Исенов Б	тарих	Асапид	7.09.2023
97	Ахметов Е	Дене шынықтыру	Асапид	7.09.2023
98	Борисов К	форменің	Асапид	0
99	Нурбаева Д	ағылшын тілі	Асапид -	
100				
101				
102				

**«№31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі
2023-2024 оқу жылы**

«ІШКІ ТӘРТІП ЕРЕЖЕЛЕРІМЕН ТАНЫСТЫМ»

№	Кіші қызметкердің аты-жөні	Қолы	Күні
1	Аураманов Ғ. Ғ.	ғар ш орта білім	14.09.2023
2	Әубеева Р. Ғ.	басетір	Әубеев
3	Тажиева А.	кіші қызметкер	Тәл
4	Дамедов Н.	қимыл қыз	Қас
5	Мисбаева М.	психолог	Мисбаева
6	Әуеленова М.	теңг. еден	Әуеленова
7	Қамурамов Ғ.	з.лек.керік	Қамурамов
8	Нисекеева А. А.	вахтёр	Нисекеева
9	Қаспаева Ж.	еден жуушы	Қаспаева
10	Қуанышова Н.	еден жуушы	Қуанышова
11	Асанов М.	кузетші	Асанов
12	Мусақұлова Т.	жатиш	Мусақұлова
13	Ибраһимова Ә. А.	іс-бақарушы	А.Ибра.
14	Ахметжанова Т.	еден жуушы	Ахметжанова
15	Алиханова А.	зертханашы	Алиханова
16	Байтұрсынов Б.	от жазушы	Б.Байтұр
17	Ахметбаев Ғ.	кузетші	Ахметбаев
18	Жолмағанов Е.	сантехник	Жолмағанов
19	Сыртанов Е.	от жазушы	Сыртанов
20	Апаров М.	психолог	Апаров
21	Байтұрсынов С.	кузетші	Байтұрсынов
22	Сүлеймен Н.	зертханашы	Сүлеймен
23			
24			
25			
26			
27			
28			
29			
30			

